

## ЛИТЕРАТУРА

1. Клиффорд Ф. Грей, Эрик У. Ларсон. Управление проектами: Практическое руководство / Пер. с англ. М.: Издательство «Дело и Сервис», 2003. 528 с. С. 20.

2. A Guide to the Project Management Body of Knowledge (PMBOK Guide) Fourth Edition – 2004 Project Management Institute, Four Campus Boulevard, Newtown Square, PA 19073-3299 USA. www.pmi.org. С. 2.

3. Вратенков С.Д. Управление проектами по стандарту PMBoK Guide 4<sup>th</sup> Edition. Материалы тренинга.

4. Золотогоров В.Г. Инвестиционное проектирование: Учебное пособие. Минск: ИП «Экоперспектива», 1998. 463 с. С. 17-20.

## Резюме

Автор Жобаларды басқару Институты (**Project Management Body of Knowledge** (PMBOK Guide) әзірлеген халықаралық стандарт негізіндегі жобаларды басқару

жүйесін қарастырған. Мақалада жобаларды басқару нысаны (ЖБ), ЖБ субъектісі, жобаларды басқару үрдісі мен қолданбалы құрылым секілді жобаларды басқарудың негізгі элементтеріне (Project Management Institute – PMI, USA) сипаттама берілген.

## Summary

The author considers the Project Management System on the base of the international standard in Project Management **Project Management Body of Knowledge** (PMBOK Guide), worked out by Project Management Institute PMI, USA. The description of such important elements of the Project Management System, such as object of Project Management, subject of Project Management, functional structure and processes of Project Management is given in this article.

УДК: 338:330.322.001

КазНУ им. аль-Фараби

Поступила 14.04.09г.

Б. М. АТАШ

## Р. ДЕКАРТ ПЕН Ф. БЭКОННЫҢ ИДЕЯЛАРЫНДАҒЫ БЕЙБОЛМЫС МӘСЕЛЕСІНІҢ ТҮЙТКІЛДЕРІ

Ғылым дамуы заманауи объективті өзгерістер ағымымен импликациялы болып келеді. Соған байланысты философияның онтологиялық проблемасы да дәуір өткелдеріне сәйкес өзіндік таным позициясын өзгертіп отырды. Мәселен, ежелгі шығыстағы мистикалық-мифтік ұста-нымдардың философиялық қырлары, антика дәуіріндегі қалыптасқан космологиялық сипаттағы тұғырнамалар орта ғасырда теологиялық мәнге ие болып, қайта өрлеу дәуірінде универсумдық-континуумдық мағына арқылы дамыған болса, жаңа замандағы дискреттік онтология парадигмасын қуаттай отыра, өзіндік сабақтас-тығын қамтамасыз етіп, логикалық оралымдар арқылы жалғасын тапқан болатын. Сондықтан қайта өрлеу дәуірінен кейінгі жаңа заман пантеизмді өрбіте отырып, рационализмдік по-зицияны нығайтып, логоцентризмдік дәстүрді жандандыра түскен еді.

Осыған сәйкес қазіргі жаратылыстану мен философиядағы онтологиялық түпкі мәнге қатыс-ты Бейболмыс мәселесі бастапқы ойтолғамның негізі ретінде танылады. Демек, Бейболмыс ұғы-мының тарихи-танымдық мәніне де үніле түсуіміз оның ди-ахрондық позициясын нығайтады, маңызды мән екендігін қайталайды. Бейболмыс мәселесімен

шұғылданушы ойшыл Н.М. Солодухо да оның өзекті проблематика екендігін атап өтеді: «Бытие или небытие, с чего берет свое начало мир? Этот вопрос должен быть признан исходным философским вопросом» [1, 7-10-б.]. «Небытие – отсутствие, отрицание бытия, сущест-вования. Следует отличать от ничто как отрицания определенности, сущности. Небытие – онтологическая категория, являющаяся отрицанием понятия бытия» [2], – деп атап көрсетілген тұжырымдарға сәйкес, оның мәнін толығырақ ашу үшін философия тарихындағы Бейболмыс мә-селесін сараптауды қолға алатын болсақ, жаңа заман философиясының көрнекті өкілдері – Р. Декарт пен Ф. Бэконның көзқарастарының Бейболмыстық дүниетанымын сараптау маңызды буын.

Декарт (Descartes) Рене (латынша – Картезий; Rhenatus Cartesius) (1596–1650) – француз философы, математик, физик, физиолог. Математика мен жаратылыстану саласында көптеген жаңалықтар ашқан. Иезуиттер негізін қалаған Францияның беделді оқу орнында оқып, 1629–1649 жылдары Голландияда өмір сүріп, «Тәсіл жөніндегі пайымдаулар» (1637), «Метафизикалық ойтолғамдар», «Алғашқы философия туралы ойтолғамдар...»

(1641), «Философияның бастауы» (1644), «Жан құмарлықтары» (1649) шығармаларын жазды. Декарт – «жаңа философияның» және жаңа ғылымның негізін салушы, 17 ғасырдағы интеллектуалдық революцияның «архитекторы» атанған. Сондықтан көрнекті ойшылдың дүниетанымы Бейболмыстық мәселелерді тікелей тудырмағанмен, оған қатысты рационалистік дәстүрді ұсынғандығын байыптауымызға болады. Мәселен, оның идеяларын сараптаған философтар: «Ничто не устоит перед разьедающей силой сомнения. «Возможно, что все, что я вижу, – читаем в «Метафизических размышлениях», – ложно; я ясно осознаю, что из того, что мне представляет моя память, наполненная ложью, нет ничего осмысленного; думаю, тело, фигура, протяженность, движение и место – всего лишь воображение моего духа. Что же тогда может считаться истинным? Возможно, ничто, если в мире нет ничего определенного?» Сомнение методично, ведь это обязательный, хотя и временный, этап на пути к истине. «Я не подражаю скептикам, – уточняет Декарт, – сомневающимся ради того, чтобы сомневаться, тем, кто упивается своей нерешительностью; наоборот, все мое существо стремится к тому, чтобы ощутить уверенность, и я готов перелопатить землю и песок, чтобы докопаться, где кремень, а где глина» [3, 309 б.], – деп атап көрсете отырып, гносеологиялық мәселелердегі Ештеңелік тұжырымдарын атап көрсетеді. Яғни, таным мен күдіктің бастапқы сатысы әлемді тұтастай жоққа шығарып, Ештеңемен теңестіріп барып, келесі сатыға көтерілетін әдіснаманы бағамдау болып табылатындығын көреміз. Бұндағы таным процесіндегі әлемді Ештеңеге сәйкестендіру парадигмасы ақиқатқа жетудің ерекше тәсілі ретінде көрініс бере отырып, Ештеңенің эпистемологияға қолданылған инструменті болып табылатындығын ұғынамыз. Декарттың осындай «әлемді жоғалту және бірге-бірге тану» рационализмі скептицизмнің оңтайлы түрі ретінде рационалистік дәстүрлерді ұстанудың өзгеше бір стилі түрінде ұсынылады. Демек рационализмнің Ештеңеден басталатын парадигмасы ойшылдың ұстанымын дәйектендіре түседі, әрі сана интенциясын қуаттандырушы мотиватор болып құрылады. Осы стильдің жалпы скептицизм бағытына сәйкес келетіндігін түйсінсек, Декарттың рационализм пен скептицизмді, интуитивизм мен математикалық модельдеуді сәйкестендіру ұстанымы да Ештеңе түріндегі әлемді елестету моделіне

келіп тірелгендігін аңғарамыз. Демек оны түпнұсқалық модель ретінде танысақ, Декарттың философиясының ой жүйесін арттырып тұрғандығын көреміз. Ойшылдың идеялары бұл салада әрі қарай күрделене түседі: «Метафизических размышлениях» Декарт былай дейді: «Есть некая сила, не знаю какая, но коварная и изощренная, использующая все, чтобы обмануть меня. Но если она меня обманывает, нет никакого сомнения, что я существую; пусть обманывает меня, сколько хочет, – она никогда не сможет превратить меня в ничто до тех пор, пока я буду думать. Следовательно, обдумав и изучив все с большим тщанием, необходимо заключить, что суждение «я есть, я существую» абсолютно верно всякий раз, когда я произношу его, а мой дух удостоверяет это» [3, 309 б.]. Декарттың: «Белгісіз күш – өзін алдау – өзінің өмір сүретіндігі – өзінің Ештеңе болып табылмайтындығы – ойлайтындығы – өмір сүретіндігі» логикалық тізбегінің концептуалдық мәні «бар болуды өзінің (сананың) ойлауы арқылы» тұжырымдау. Біз жоғарыда атап өткен «әлем – бар ма, жоқ па?» немесе «болу мен болмаудың» түпкі алғы мәселе екендігіне аналогиялық түрде өзінің (Декарттың өз призмасынан өткізілген модель бойынша) адамның (ойлау-дыңрухтың) «бар болуы мен болмауын» басты түпкілікті мәселе ретінде орынды байыптаған. Яғни, әлемнің «бар» немесе «жоқ» екендігі туралы мәселені адам әуелі өзінен бастау қажеттігі туралы нұсқа құрастырады да, рухты оның басты өлшемі ретінде ұсынады. «Рухтың бар болуы – адамның өмір сүруі» деген тезистің айқындалуы болудың Рухтан (ойлаудан) басталатын нұсқасын іргелі және алғашқы таным ретінде көрсетуден туады. Бар болудың негізгі өлшемі болып тұрған – ойлау, материалистік тұрғыдан айтылатын жай ғана мидың физиологиялық қызметі немесе мистикалық негізде сараланған тылсым күш қана емес, онтологиялық іргелі туындыны аша алатын мән ретінде бағамдалады. Декарттың ой машығының бұл тұстағы ерекшелігі – мәселені «бармын ба, әлде жоқпын ба?» деп қойылған сауалдан тудырмай, «бар болуды дәйектеуден» бастау қажеттігі туралы идеяны ұстануында. Демек бұл жерде «болмау» жөнінде мәселе ұсынылмайды, «бар екендіктің» бекітілуінің концептуалды жобасы қысқаша тұжырымдалады. Біз осыған сәйкес: «ойлау процесі – бар болу» және «ойлаудың болмауы – бар болмау» деген алгоритмді құрастырып қарасақ, Декарт бойынша, аналогиялық түрде «мүлде ойламаймын, демек, бар емеспін» деген

антропологиялық Бейболмыстық жоба алынады. Бұл жердегі «ойлауды» бар болуды өзінің сезінуінің құралы ретінде танысақ, ойлаусыз (рухсыз) тіршілік иелерінің өзінің бар екендігін сезінбейтіндігі туралы қарапайым логикалық тұжырым алынады. Демек, осы «ойлауды» орталық жоспарға шығарып қарастыратын болсақ, әлемнің бар болуын адам ойлауы арқылы түйсінетін болса, көне грек философы Протагордың – адам өмір сүретіндер мен өмір сүрмейтіндердің өлшемі [4, 100 б.] деген тұжырымына қайта ораламыз. Сонда «ойлау» процесінің бар болудың өлшемі екендігі туралы эгоантропологиялық өз призмасынан өткізген тұжырымдамасы алынады. Сондықтан ойлау – бар болуды өз тұрғысынан бағалайды. Егер де құрылымдық әдіспен ойлауды адамнан ажыратып, әлемнен ойлауды тұтастай алып тастасақ, «әлем бар ма?» деген сауал арқылы субъективті идеализм сарыны туындайды. Болмыс пен ойлаудың теңесуі Декарт дуализмінің негізгі бағыттарының бірі болатын болса, Бейболмыс пен ойлау дуализмін конструкция жасауымыз қажет. «Ойлау» – бірінші-ден, адам болмысының ғана болмайтындығын білдіреді, екіншіден, танымнан әлемнің тыс қалатындығын сипаттайды, үшіншіден, болмыстың таза абсолютті еркіндігін айғақтайды, төртіншіден, дүниенің болу мен болмауы мәселесі тек қана антропологиялық таным үшін ғана емес, «өзі-үшін» болып табылатын парадигмасын тудырады. Демек, ойлаудың Бейболмысы әлемнің Бейболмысына сөзсіз алып келетіндігі туралы тұжырым туындамайды. Олай болса, Декарттың ойлаудың болмысы мен Бейболмысы мәселесі әлемнің болуы мен болмауына сәйкес келмейді. Дегенмен, объективті және субъективті идеализмнің бастапқы принциптері туралы тұжырымдар мен дискурстар тудыруға алып келеді. Бірақ бұл – болмыс үшін ғана. Сондықтан ойлаудың Бейболмысы жеке құбылыстың ғана Бейболмысы болып табылады. Осы тұстан Бейболмыстың тәуелсіздігі көрінеді. Егер «ойлаудың болмауы – әлемнің болмауына алып келуі мүмкін» деген субъективизмге қарай бағытталсақ, ойлау мен Бейболмыс қайтадан байланыстық сипатқа ие болады. Бірақ бұл герменевтикалық шеңберге ұласып, ойлау мен болмыстың арақатынасының логикалық байланысы үзіледі. Сондықтан біз

Р. Декарттың

Бейболмыстық философияға рационалистік дәстүр бойынша қосқан өзіндік танымдық үлесі арқылы мынадай дәйекті тұжырымдар ала аламыз:

– Ойлау мен бар болудың бірлігі арқылы ойлау мен болмау туралы жобаны қарастыру

мүмкіндігі ашылады;

– Болмау мен ойлау жеке мен жалпы қатынастан теңестірілген қатынасқа қарай көтерілуге болатындығы туралы гипотезалық теория ұсынылады;

– Ойлау мен ойлаудың жанама түрде болса да, болмыс пен Бейболмысқа байланысты бола алатындығын бағамдап, Бейболмыстық философиядан жаңа әдіснаманы таңдап алуымызға мүмкіндік береді;

– Бейболмыстың онтологиялыққа қатысты өлшемдермен байланысу дәстүрлеріне ойлаумен (ойлаумен) байланысты да бола алатындығы туралы тұжырым алынып, осындай күрделі тұс-тарды зерделеу перспективасын құрастырады;

– Басты философиялық мәселе, Меннің болмысы мен Бейболмысы екендігі жөніндегі тұжырым алынып, оның әлемнің болуы мен болмауы хақындағы ойтолғамға алып баратын алғашқы саты екендігі туралы идеялар тұжырымдалады;

– Болу мен болмау парадигмаларын адам өз призмасынан өткізіп барып бағамдау қажеттілігі туралы бастапқы түсінік тудыруға мүмкіндік береді;

– Скептицизмнің де бастапқы негізі антропологиялық және «эго» арқылы өту керектігі туралы тұжырым жасалынады;

Бэкон (Bacon) Фрэнсис (1561–1626) – британ философы, тәжірибелі ғылым әдіснамасының негізін қалаушы. Ол орта ғасыр схоластикасын сынап отырып, оның әлемге айтыс пен тартыстан басқа ештеңе алып келмегендігін атап өтеді. Оның жеміссіздігінің басты себептері, жаратылыстану саласына айтарлықтай көңіл бөлмегендігі, философияны діннің қызметшісі деңгейіне дейін төмендеткендігі екендігін атап өтіп, ғылыми білімді насихаттауға айтарлықтай үлес қосты. Оның басты философиялық шығармасы – «Жаңа Органон немесе табиғатты түсіндірудегі ақиқат нұсқаулар» атты туындысында (1620) ол табиғатты зерттеудің дұрыс әдісін қалыптастыру мақсатын қояды. Бэкон табиғатты игеруде оның имманентті заңдарына бағына отырып, образының өңін айналдырмау қажеттігін ұсынады. Осы жолда адам көптеген кедергілерге, атап айтқанда, «елес-терге» тап болып, олар ақиқатқа жақындай түсуге бөгет болады деп байыптаған болатын.

Сондықтан ойшыл гносеологиялық мәселелерге бойлай еніп, таза шынайылық пен ақиқатқа жетуді қолдағандықтан, онтологиялық мәселе-лерді де қамтып өтті. Ол Бейболмыс мәселесімен арнайы айна-

лыспаса да, таным теориясын дәйектеп, «елестерден» тазару бағытында Бейболмыстық түсініктерді де қамтып өтеді.

Жоғарыда аталған шығармасында Ф. Бэкон тұжырымдағандай: «Идолы, проникающие в разум с помощью слов, бывают двух родов: или это названия несуществующих вещей (как, например, «судьба», «вечный двигатель» и т.д.), или это названия вещей существующих, но путаные и неопределенные, неподобающим образом абстрагированные» [3, 286 б.]. Яғни, ойшылдың таным теориясының орталық түсініктеріне айналған «елес» ұғымы сана интенциясындағы кедергісіз ақиқатты тудырудың жаңа тәсілі болатын болса, біз үшін бұл түсініктің болмыстық немесе Бейболмыстық деңгейін ашу қажеттілігі туындайды. Бэкон оның мағынасы мен заттық көрсеткішінің (денотатының) өмір сүрмейтін нәрселер болуы мүмкін екендігін атап өтеді. Олай болса, «елес», шындығында да, Бейболмысты елестетудің антропологиялық әдіснамасы болып табылатындығын бағамдауға болады. Елестету Бэконның тұжырымында жағымсыз мәнде айтылса, Бейболмыстық таным үшін ол жағымды мәнді жамайды, тіпті оны бағамдаудың бірден-бір құралы болып табылатын сананың қабілеті екендігін де ескеруіміз қажет. Егер де ойшыл атап өткендей, «елестер» Бейболмыстық сфераның модельдерін құруға мүмкіндік алатын болса, ол адасу түрінде емес, саналы-жүйелі ұйымдасқан негізде ғылыми әдіснама ретінде танылатындығы сөзсіз.

Неміс ойшылы Г. В. Ф. Гегельдің: «Следовательно выражение, «созерцать или мыслить ничто» что-то означает», – деген [5, 15 б.] пікірі де Бейболмысты түйсінудің «елеске» генетикалық туыс процесін қамтамасыз етеді деп ой түйіндеуімізге болады. Ал Бэкон ұсынған «елес» Бейболмысқа тікелей ерудің бірден-бір векторы болса, ойшыл атап өткендей, ол болмыстық парадигмадан алшақтап, Бейболмысқа қарай бағытталған ойлаудың айқын емес құрылымына қосылады. Яғни, бұл тұстағы «елес» түсінігінің мазмұны болмыстық сападан ажырайтын, әрі дүниені танудан алшақтайтын, эпистемологияда айқын-сыздық пен күңгірттік туғызатын болса, оның Бейболмысты тануға қарай өздігінен бағытталуы да логикалы. Себебі Бейболмыстың үстем трансценденциясы қашанда сана үшін айқынсыз, таным үшін үнемі айқындық пен нақтылықты ұсынған ойшылдың идеялары «елестік» психологиялық процестің мүлде қатыспауын талап етеді. Бұл шындығында да солай. Сон-

дықтан танымдағы психологиялық «елес» процесі болмыс үшін тиімсіз болғанмен, Бейболмыс үшін маңызды сәт, әрі жалпылама әдіснама болуға лайық деп тұжырым жасауымызға болады. Елестің ілгерілеу тенденциясы мен максималды шегі Бейболмыстағы құбылыстар мен процестердің жалпы модельдерін құруға алып келеді. Осыдан мифтік ойлау ерекшеліктеріндегі фантазия мен елестетудің генетикалық бірлігі туралы тұжырымға қайта оралып, елестің маңызын атап өтуімізге болады. Демек, елес Бейболмыстық таным үшін маңызды буын болатын болса, онтологиялық мәнде немесе рационалды гносеологияда ол қажетсіз компонент. Осы тұстан Бейболмыс пен болмыстың түбірлі айырмашылықтары оны тану әдіснамасының дихотомиясы арқылы айғақталады.

Сонымен Бэконның тұжырымдарына қайта оралар болсақ, оның елестерін екіге бөлуге болады; біріншісі – өмір сүрмейтіндер, яғни ұғымдар түрінде ғана сақталатындар; екіншісі – жүйелі абстракцияланбаған, айқынсыз, шатастырылған ұғымдар болса, осы тұстан Бейболмыстық пен болмыстық болып табылатын конструкцияларды «елес» арқылы ажыратудың жүйесі ашылады. Болмыстық елестер (Бэкон ұсынған) мен Бейболмыстық елестерді шартты түрде ажыратып алуымызға болады. Бірақ болмыстық елес бәрібір болмысты толықтай анықтай алмайды, яғни, ол объективті дүниеге тура адекватты емес болса, Бейболмыстық елестер де оның тура анықтайтын образдары болып табылмайды. Дегенмен, осы позициялардан «елес» әдіснамасының болмыстық та, Бейболмыстық та таным үшін толыққанды бола алмайтындығын түйсінеміз. Бірақ елес фантазиясы Бейболмыстық конструкцияның моделін жасауға мүмкіндік беретін шарт қана немесе Бейболмыстың кейбір тұстарын ғана атап өтетін ойлау машығы болып табылады. Сондықтан, Ф. Бэконның елестер туралы ілімі бойынша біз Бейболмыс жөнінде мынадай эволюциялық көзқарастарымызды тұжырымдауға мүмкіндік аламыз:

– «Елеске» онтологиялық мәнде жағымсыз көкарас орнатуға аналогиялық түрде Бейболмысты танудың әдіснамаларының бірі ретінде жағымдылық тұрғысынан бағамдау арқылы болмыс пен Бейболмыстың түбірлі айырмашылықтары да эпистемологияларының арасындағы ажыраған парадигмаларын түйсінуге болатындығын аша аламыз;

– «Елестің» Бейболмыстық таным үшін бірден-бір ойлау машығындағы инструмент екендігін ба-

ғамдап, Бейболмыстың «елестік» табиғатын зерделеу қажеттігі туралы перспективаны ұсына аламыз;

– «Елес» – болмыс үшін адасу, Бейболмыс үшін ақиқат болатын болса, концептуалдық аналогия бойынша – болмыстың Бейболмыс үшін адасу болуы мүмкін екендігі мен керісінше, Бейболмыс үшін болмыстың адасу болуы ықтимал екендігі туралы конструкция алынады.

– Елестің болмысқа бағытталған және Бейболмысқа ұмтылған Бэкон ажыратқан екі түрі арқылы оның дихотомиялаушы қызметін де тануымызға болады. Яғни, елестің Бейболмыс пен болмысты ажыратудың құралы ретінде де сипаттауға болатын феномен екендігін байыптауға мүмкіндік аламыз т.б.

Осы тұжырымдарымызды Бейболмысты зерделеушілеріміздің пікірлері де оның өзіне-өзі қайта оралатындығы арқылы дәйектей түседі: «В своей беспредельности оно есть свое собственное небытие» [6, б б.].

Осы ойшылдардың идеяларын Бейболмыстық ретроспективизм бойынша сараптау оның тарихтанымдық мәнін аша отырып, байыпты перспективизм құруға мүмкіндік береді деп бағамдауымызға болады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Солодухо Н.М. Философия небытия. Казань, 2002. С. 7-10.
2. Небытие: Материалы из Википедии – свободной энциклопедии: Версия 11451024, сохран. В 12:40 UTC15 октября 2008// Википедия, свободная энциклопедия. Электрон. дан. Сан-Франциско: Фонд Википедиа, 2008. Режим доступа: <http://ru.Wikipedia.org/?Oldid=11451024>
3. Антисери Д., Реале Дж. Западная философия от истоков до наших дней. От Возрождения до Канта / В переводе и под ред. С. А. Мальцевой. СПб.: Пневма, 2002. 880 с., с ил.
4. Асмус В.Ф. Античная философия. М., 541 с.

5. Гегель Г.В.Ф. Наука логики. СПб., 1997. С. 15.

6. Чанышев А.Н. Трактат о небытии // Философия и общество. 2005. №1. С. 5-15 (с. 6).

#### Резюме

Рассмотрена идея Р. Декарта и Ф. Бэкона о философии Небытия. Тезис Декарта «Мыслю, следовательно, существую» анализируется через парадигмы Небытия. Идолы Бэкона характеризуются как параметры познания Небытия. В результате показано познавательное-историческое сущее идеи Небытия.

#### Summary

In this article introduces concepts of R. Dekart and F. Beckon for consideration non-existence of philosophy. Thesis of R. Dekart' Pinking it means I live" analyzed by paradiice of non-existence. Idols of Beckon characterized parameter of cognition of non-existence. Result showed us that cognihve historical essence idea of non-existence ratification by the conclusion of authovess.

*Атырау мемлекеттік университеті*

*2.03.09ж. түскен*